



Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана

№1 (қаңтар-ақпан), 2021 жыл

№1 (январь-февраль), 2021 год

Құрылтайшы: «Педагогикалық
Ғылымдар Академиясы» ҚБ

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Редакциялық кеңес:

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
Қ.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РЕСЕЙ)
Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РЕСЕЙ)
Б.Б. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (ҚЫРҒЫЗСТАН)
Ғ.М. МҰТАНОВ
А.А. ШӘРІПБАЕВ

Редакциялық алқа:

А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ
бас редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА

бас редактордың орынбасары

К.Ө. ҚОНАҚОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МӘЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. ҰЗАКБАЕВА
Н.А. ШАМЕЛЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Ж.Б. ҚОҒЫРОВА

Жауапты хатшы:

Г.К. КАСЕНОВА

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеліп,
24.01.2013 ж.
№13303-Ж куәлігі берілген

Вестник журналы жылына 6 рет шығады

«Вестник АПН Казахстана» журналы
ҚР БҒМ БҒСБК (КОКСОН)
педагогикалық ғылымдар бойынша негізгі
қорытындыларды жариялауға ұсынған
ғылыми басылым

ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу
(цитирование) қоры мәліметтері бойынша
журнал импакт-факторы 0,108

Мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакцияның мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы
Абылай хан даңғылы, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14, 313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru

Пішіні 70x100/8

Қағаз офсеттік. Шартты баспа табағы 16,5
Таралымы 300 дана

© «Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ, 2021

СЛОВО ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА..... 3

А.А. КУДЫШЕВА, А.С. ПОПАНДОПУЛО
Развитие метапознания студентов ВУЗа в процессе
изучения психолого-педагогических дисциплин.....5

Н.В. АХАЕВА, И.С. СТЕБЛЕЦОВА,
А.В. АХАЕВ
Теоретико-методологические основы организации ис-
следовательской деятельности личности через создание
проектного офиса.....20

Б.С. ҚАПАЛБЕК, Ж.С. ТӨЛЕУЖАҒОВА
А. Байтұрсынұлының әріп үйрету әдістемесі.....29

А.А. САТБЕКОВА, Ж. АМЕТХАН,
С. БАТЫРБЕК
Таным теориясы қазақ тілін жобалай оқыту
технологиясының әдіснамалық негізі ретінде.....37

С.Қ. ҚАСТАЕВ
Мұғалімнің педагогикалық қабілеттері мазмұнындағы
ұйымдастырушылық іс-әрекеттер..... 44

Қ.Р. ТЕЛҒАРАЕВ, А.С. СЕЙДИКЕНОВА
Ағылшын тілін оқытуда корпусқа негізделген әдіс-
тәсілдердің студенттердің оқу үлгеріміне әсері.....51

Е.К. СЕЙСЕНБЕКОВ, К.И. АЛШЫНБАЕВ,
Д.С. ТАШКЕЕВ,
С.А. ШЫРШЫҚБАЕВ,
Д.Б. САДЫКОВА
Білім беру мекемелеріндегі бастауыш сыныптарда
дене тәрбиесі пәнін өткізу ерекшелігі мен әдістері..... 57

А.С. КАЛИМОВА
Формирование интегрированных знаний в обучении
младших школьников 66

Э.А. БАКИРОВА, Д.Б. АШУБАЕВА
Математика сабағында оқушылардың функционалдық
сауаттылығын дамыту..... 73

Г.А. АБДИКАРИМОВА, К.И. АЛШЫНБАЕВ,
Ұ.С. МАРЧИБАЕВА, Ж.О. ҚОНАРБАЕВ,
А.А. БЕКОВ
Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттырудағы
заманауи талаптар: өзектілігі, шешу әдістері..... 78

М.Е. НУРГАЛИЕВА
ЖОО-ның оқу үдерісінде студенттің дербестігін
қалыптастыру және өздік жұмысын ұйымдастыру
мәселесі туралы.....87

Н.К. STAMGALIYEVA
Formation of Foreign communicative competence of
Technical Universities students.....95

Учредитель
ОО «Академия Педагогических Наук»

Редакционный совет:
Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
К.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РОССИЯ)
Д.П. КОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РОССИЯ)
Б.Б. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (КЫРГЫЗСТАН)
Г.М. МУТАНОВ
А.А. ШАРИПБАЕВ

Редакционная коллегия:
А.К. КУСАИНОВ
главный редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА
зам.главного редактора

К.У. КУНАКОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МАЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. УЗАКБАЕВА
Н.А. ШАМЕДЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Ж.Б. КОНЫРОВА

Ответственный секретарь:
Г.К. КАСЕНОВА

Свидетельство о перерегистрации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан №13303-Ж от
21.01.2013 г.

Журнал Вестник выходит 6 раз в год

Научный журнал
«Вестник АПН Казахстана»
рекомендован КОКСОН МОН РК
для публикации основных результатов
по педагогическим наукам

По данным Казахстанской базы
цитирования НЦ НТИ
импакт фактор журнала 0,108
Мнения авторов не отражают
точку зрения редакции.

Адрес редакции:
050000, г. Алматы
пр. Абылай хана, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14,
313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru

Формат 70x100^{1/8}.
Бумага офсетная. Усл.-печ.л. 16,5
Тираж 300 экз.

© ОО «Академия
Педагогических Наук», 2021

Н.А. УСТЕЛИМОВА, С.К. МУСИНА,
А.Б. КАСЕНОВА
Организация педагогической практики будущих учи-
телей иностранного языка в условиях дистанционного
обучения в ВУЗах Казахстана100

С.К. АБИЛЬДИНА,
А.О. МУХАМЕТЖАНОВА, Д.С. АСАҚАЕВА
Болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін
калыптастыру мәсе-лесі.....107

А.Ш. ЖУМАШЕВА, Ф.Т.САМЕТОВА,
А.К. КАИРБАЕВА
Изучение паремиологического фонда языка как сред-
ство формирования лингвокультурологической компе-
тенции школьников.....114

А.А. АЛИМБЕКОВА, А.Т. КОЖАГУЛОВ
Болашақ мектепке дейінгі білім беру
педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда арт-
технологияларды қолданудың теориялық және
практикалық аспектілері.....122

Т.С. ШУМЕЙКО
Волонтерская деятельность в формировании про-
фессиональной компетентности будущих педаго-
гов.....130

Ф.Ш. ТЕРЕГУЛОВ, Ж.А. ЖУСУПОВА
Становление сознания: проза жизни.....135

Г.С. ПРИМБЕТОВА, А.М. ИСКАКОВА,
Д.С. СМАҒУЛОВ
Орта білім берудегі ұлттық мониторинг тесттерінің
сапасын бағалау туралы.....147

А.А. АЛИМБЕКОВА, С.М. НУРБЕКОВА
Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік
әлеуетін дамыту мәселесі.....153

К.Н. МАМИРОВА, Д.А. САДЫКОВА
Формирование экологической и краеведческой
культуры студентов в высшем учебном заведе-
нии.....162

М.М. ЖАМАНКАРИН, Ж. С. САРСЕНБАЕВА,
У. Б. КУСАИНОВА, Д.В. ПЛЕСКАЧЕВ,
А.Ж. СУЛТАНОВ
Социальные сети как форма общественного диалога
и массовых коммуникаций.....177

Е.С. ОҢАЛБЕКОВ, М.А. КАЙРБАЙ
Әлеуметтік-қауіпті жағдайдағы отбасылардың
қараусыз қалған балаларымен әлеуметтік-педагогикалық
жұмыс.....183

И.А. ДЕНИСОВА, Д.С. КОЛОТВИНА
Возможности формирования предикативного словаря
у детей с ТНР посредством Монтессори-среды.....192

С.А. ЖОЛДАСБЕКОВА
Қайдзен жүйесіне сәйкес колледж студенттерінің
жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру.....200

БІЗДІҢ АВТОРЛАР 209
НАШИ АВТОРЫ 212
OUR AUTORS 215

береді. Осылайша ол адам өмірінің жалпы әдіснамалық өлшемдерін белгілейді.

Кілтті сөздер: ми және интеллект органы, қалыптасу және қызмет ету кезеңдері, сана, субъект және тұлға, сенсорлық әсер, кодтар мен келісімдер, білімділік және әлеуметтік организм.

TEREGULOV F.Sh., ZhUSUPOVA Zh.A. THE FORMATION OF CONSCIOUSNESS: PROSE OF LIFE

An assumed unity (entity) of all kinds of matter in motion is manifested in human activity. Logically, this basic activity that forms the human psyche and consciousness should have a certain structure. The authors suggest that the organ of intelligence, which arises evolutionarily, is formed throughout life and functions in each person, expresses the essence of a person and society as a whole.

They show how the prose of life resolves basic life collisions, forms the mechanism of self-organization, and opens up the prospects for human self-improvement.

The difference in our approach to human consciousness is that we link it mainly with the brain, its neocortex as an experimental site that is responsible for an adequate reflection of the world around us and the development of human-world interaction programs. The latter function can be classified as an indicative basis (scheme) of human life activity. With this, it sets the general methodological dimension of human life activity.

Keywords: brain and an organ of intelligence; stages of formation and functioning; consciousness as an indicative basis of life activity; subject and personality; sensory impressions, codes, and agreements; education and social body.

ГРНТИ 14.25.01

DOI: 10.51883/20704046_2021_1_147

Г.С.ПРИМБЕТОВА¹, А.М. ИСКАКОВА², Д.С. СМАҒҰЛОВ

¹«Тұран» университеті

²ҚР БжҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК

ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ МОНИТОРИНГ ТЕСТТЕРІНІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ

Білім беру сапасын бағалау мәселесі барлық уақытта өзекті болды және біздің уақытта өзектілігін жоғалтпады. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер ғалымдар жүргізген ғылыми зерттеулердің, біздің оқушыларымыздың білім беру саласындағы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуының нәтижелері бойынша енгізілді. Ұлттық емтихандар мен мониторингтер жаңғыртылды. Демек, білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшеуіштердің мазмұнына өзгерістер енгізілді. Ұсынылған мақала орта білім берудегі ұлттық мониторингтік зерттеу аясында қолданылатын өлшеуіштердің сапасын талдауға арналған, атап айтқанда тест сапасының критерийлерінің бірі, олардың тесттердің валидтігі, мақалада авторлар «валидттік» ұғымын ашты, валидтік түрлерінің жіктелуі, оларды бағалау әдістері, шекті бағаларды белгілеу әдістеріне сипаттама берді. Орта білім беру ОЖСБ тестілері мысалында тестологияда қабылданған теориялық ережелердің практикалық іске асырылуы көрсетілген.

Кілтті сөздер: *тест валидтілігі, мазмұндық валидтілік, критериалды валидтілік; құрылымдық валидтілік.*

Кіріспе

Түрлі емтихандар мен мониторингтерде қолданылатын тапсырмалардың сапасын бағалау әлемнің барлық елдеріндегі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Тестология бойынша ғылыми әдебиеттерде педагогикалық тесттің сапасын сипаттайтын критерийлердің саны туралы ортақ пікір жоқ. Бірқатар авторлар критерийлер ретінде екі критерийді – тесттің валидтілігі (валидность) мен сенімділігін атап өтеді; енді біреулері тест сапасының критерийлері ретінде тесттің валидтілігін, сенімділігін және әділдігін қарастырады; үшіншілері – сенімділігін, валидтілігін, әділдігін, тиімділігін және пайдалылығын атайды.

Біздің мақалада педагогикалық тесттің сапасын сипаттайтын басты белгілерінің бірі ретіндегі тест тапсырмаларының жарамдылығын анықтау әдістері қарастырылады. Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) атты ұлттық мониторингтік зерттеуінің қорытындылары біз ұсынып отырған мақаланың деректік көздері болып табылады.

Негізгі бөлім

Қазақстанда ОЖСБ 2012 жылдан бастап өткізіледі. 2016 жылға дейінгі зерттеулерге тек қана 9-сынып оқушылары қатысты. 2016 жылдан бастап ОЖСБ-ға қатысатын оқушылар қатарына 4-сынып оқушылары, ал 2017 жылдан бастап 11-сынып оқушылары да қатыса бастады. ОЖСБ форматына өзгерістер жиі енгізіліп тұрады. Бұл өзгерістер тапсырмалардың мазмұнымен қатар, олардың түрлеріне де қатысты болады. Мақалада 9-сынып оқушыларына арналған тест тапсырмалары қолданылды.

Психологиялық сөздікте тест жарамдылығы сөзіне келесідей анықтама беріледі: «валидтілік (ағылш. Valid – валидті) – тест сапасының негізгі кри-

терийлерінің бірі. Тест неғұрлым жарамды болса, өлшеу үшін жасалған сапа (қасиет) соғұрлым арта түседі»¹.

Келесі кезекте бірнеше авторлардың түрлі анықтамаларын келтіріп өтейік. Валидтілік:

– тестілеудің мақсаты тұрғысынан алғанда дұрыс түсіндірілуін іске асыруға мүмкіндік беретін жарамдылық өлшемін, тесттің дұрыс нәтиже беру мүмкіндігін сипаттайды [1];

– өлшеу мақсатына тесттің сәйкестігін, негізделуін, оның нәтижелерінің маңыздылығын көрсететін педагогикалық тест сапасының критерийі [2];

– тесттің нені бағалауы керектігін нақты анықтай алуы керек [3, 177-185 б];

– тест әзірлеушісі немесе қолданушысы тесттік бағалау қорытындысының жарамдылығын негіздеу үшін дәлелдерді жинақтау үрдісі [4, 363-386 б].

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан тест немесе тест тапсырмасы алдына қойылған мақсаттың мазмұнына сәйкес келсе ғана валидті болады деген қорытынды шығаруға болады. Басқаша айтқанда, егер тест тексеруге бағытталған білімді бағаласа ғана жарамды болып табылады.

Тест сапасы критерийінің аталған түрі түрлі ғалымдардың еңбектерінде төмендегідей жіктеледі:

- мазмұндық валидтілік; критериалды валидтілік; құрылымдық валидтілік [5, 133-158 б];

- үлестіру бойынша валидтілік, регрессиялық модель қателіктеріне негізделген валидтілік, жамылғы тығыздығы бойынша валидтілік [6].

Бұл мақалада бірінші жіктеуге толығырақ тоқталамыз. ОЖСБ тест тапсырмаларына қатысты валидтіліктің әр түрін жеке-жеке қарастырамыз.

Мазмұндық валидтілікке әр пән бойынша тест нұсқаларында оқу бағдарламасындағы барлық бөлімдердің қам-

тылу деңгейі жатады.

Валидтіліктің барлық түрі ОЖСБ тест тапсырмаларының мазмұнын сипаттау және осы зерттеуге қатысқан оқушылардың қорытындылары арқылы түсіндірілетін болады.

ОЖСБ тесттерінің мазмұндық валидтілігі туралы айтатын болсақ, тест спецификацияларын әзірлеу барысындағы басты талаптардың бірі оқу бағдарламасындағы барлық тақырыптар мен бөлімдердің қамтылуы болып табылады. 5-9 сыныптарда оқушылар меңгеруі тиіс пәндердің тақырыптары мен бөлімдері модульдерге біріктіріледі және негізгі дидактикалық бірліктер анықтала отырып тест спецификациясына енгізіледі. Сәйкесінше, ОЖСБ тесттері мазмұндық валидтілік критериіне жауап береді.

Валидтіліктің келесі түрі – критериалды валидтілік. Валидтіліктің бұл түрі оқушының болашақтағы жетістіктері туралы болжамдарды тестілеу қорытындылары бойынша анықтау мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Ғылымда критериалды валидтілік болжамдық және ағымдық деген екі түрі ерекшеленеді.

Болжамдық валидтілік бойынша нақты бір тестілеу қорытындысы негізінде оқушылардың басқа тестілеу шеңберіндегі қорытындыларын болжауға мүмкіндік алуға болады. Біздің жағдайда мынадай болжам жасауға мүмкіндік бар: егер оқушылар ОЖСБ-да функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тест тапсырмаларын орындай алса, онда олар үш бағытта (математикалық, жаратылыстану ғылымдары бойынша және оқу сауаттылығы) 15 жасар оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын бағалайтын халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі тапсырмаларды сәтті орындай алады.

Аталған критериалды валидті тесттің тұлғаның кейбір жекелеген қасиеттерін бағалау мүмкіндіктерін сипаттайды. Тесттің валидтілігі қазіргі уақытта кейбір

сыртқы критерийлермен дәлелденеді. Мәселен, тест тестіленушінің пәндік білімінің өте жақсы екендігін көрсетті делік, ал мектеп мұғалімі қойған бағалар қанағаттанарлықсыз. Егер біз сыртқы, тәуелсіз және сенімді критерий ретінде мектеп бағаларын алсақ, онда тесттің критериалды валидтілігі жоғары сенімділік болған жағдайда да төмен болады.

Құрылымдық валидтілік – әр пән курсының теориялық моделінің, оның құрылымдық элементтерінің көрінісі. Демек, құрылымдық валидтілік тест құрылымында оқытудың диагностикаланатын қорытындылары моделінің иерархиялық элементтерін көрсететін тестті сипаттайды. Жоғарыда аталып өткендей, ОЖСБ пәндері бойынша тест спецификациялары оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді. Тест нұсқаларындағы тест тапсырмаларының саны оқу бағдарламаларындағы әр бөлімдерді оқытуға арналатын сағат санына сәйкес анықталады. Осыған сәйкес ОЖСБ тесттерінің құрылымдық валидтілігі дәлелденеді.

Тесттерге жасалған бастапқы талдау ОЖСБ тесттерінің әсіресе мазмұндық, құрылымдық және критериалды валидтілік секілді тест сапасы критерийлеріне сәйкес келетіндігін көрсетті. Тест сапасын бағалаудың келесі қадамы – оқушылардың нәтижелерін талдау. Ендігі кезекте мақалада 9-сынып оқушыларының география пәні бойынша тапсырмаларды орындау қорытындылары көрсетіледі.

ОЖСБ тесттерінің валидтілігінің дәлелдемесі.

География пәні бойынша тест спецификациясының мазмұндық аясы Дүниежүзінің физикалық географиясы мен Қазақстанның географиясын қамтиды. 5 сыныптан 9 сынып аралығындағы география пәнінің барлық тақырыптары аталған бөлімдерге топтастырылған.

Ресейлік ғалым В.С.Аванесовтың зерттеулерінде «Дәстүрлі тест – дайындықтың деңгейі мен құрылымын диаг-

¹ Психология: Словарь, 2-е изд. - М.: Политиздат, 1990.

ностикалаудың стандартталған әдісі. Мұндай тестте тестіленушілердің барлығына бірдей жағдай жасалады, бірдей тапсырмалар мен бірдей уақыт беріледі және жауаптарды бағалаудың ережелері де біркелкі болады. Дәстүрлі тесттерді қолданудың басты мақсаты – тестілеу кезінде көрінетін білім деңгейі бойынша тестіленушілер арасында белгіленген тәртіптің байланысын орнату. Осы негізде әр тестіленушінің берілген жиынтықтағы орнын (немесе рейтингісін) анықтау [7, 153-188 б].

География пәні бойынша тест 40 тест тапсырмасынан тұрады. Тесттегі тест тапсырмаларының қиындық деңгейі келісідей бөлінген: 20 тест тапсырмасы – бірінші, 12 тест тапсырмасы – екінші, 8 тест тапсырмасы – үшінші қиындық деңгейлерінде.

Негізгі мониторингтік зерттеуде қолданылмас бұрын барлық тест тапсырмалары апробацияланған. Апробация қорытындыларын өңдеудің нәтижесінде тест тапсырмаларының қиындық деңгейлері анықталған.

ОЖСБ – бұл мониторингтік зерттеу және оқушылардың оқу бағдарламасын игеруін тексеруге бағытталған, сондықтан минималды дайындалған оқушы барлық тапсырмалардың 50% орындауы керек деп есептеледі. ОЖСБ тестілерінің шекті балының мониторингтік зерттеулерде белгіленген шекті деңгейге сәйкестігін тексеру үшін біз Nedelsky, Ebel әдістерін қолдандық.

Nedelsky әдісі сарапшылардың тест тапсырмаларын оқушылардың дұрыс орындау ықтималдығын таңдауы арқылы жүзеге асырылады. Ықтималдықтарды таңдау кезінде, эксперттер белгілі бір шекаралас топтың тест тапсырмаларына жауап таңдау кезінде қате жауаптарды (дистракторларды) емес дұрыс жауаптарды таңдайды деп есептейді.

Nedelsky әдісін қолданатын сарапшылар әр тапсырманы жеке қарастырады, тапсырмалардың жауаптарын таңдауға ерекше назар аударады. Содан кейін олар

тесттегі әр тапсырманы қайта саралайды және жауаптар таңдауын анықтайды. Сарапшылар «гипотетикалық минималды құзыретті оқушы жауаптар жиынтығынан дистракторларды дұрыс емес жауап екенін анықтай алады» - деп есептейді. Қалған жауап нұсқалары санына кері шама, әр тапсырма үшін «Nedelsky мәні» болады. Бұл мән шекарадағы оқушының тапсырманы дұрыс орындау ықтималдығы ретінде түсіндіріледі [9, 246-247 б].

Тағы бір танымал әдіс – Роберт Эбель (Ebel әдісі) ұсынған әдіс. «Бұл әдістің маңызды ерекшелігі, әр сарапшыдан бір емес, екі түрлі бағалауды талап етеді: біріншісі – әр тапсырманың қиындығын шамамен бағалау, екіншісі – тапсырманың тест құру мақсатына сәйкестігін анықтау. Екі бағалау пайыздар түрінде берілген ықтимал сандық емес, сарапшылардың бағалауын жеке бағалау санаттарына сәйкес тапсырмалар бойынша орналастыру арқылы алынады. Бірінші жағдайда, тапсырмалардың қиындығын бағалау кезінде сарапшылар оларды үш категорияның біріне жіктейді: жеңіл, орташа және қиын. Ал екінші жағдайда – тестілеу мақсаттарына қатысты төрт санаттың біріне: өте маңызды, маңызды, қолайлы және күмәнді. Жеке тест тапсырмалары бойынша екі пікір дайын болған соң, сарапшылар гипотетикалық минималды құзыретті оқушы дұрыс жауап бере алатын тест тапсырмаларының пайызын ұсынады. Ebel әдісінің артықшылығы, оны тест тапсырмаларының түріне қарамастан, тест тапсырмаларының нәтижелеріне дихотомиялық бағалау таңдалған барлық жағдайларда қолдануға болады [9, 251–255 б].

1-кестеде оқушылардың география пәні бойынша тапсырмаларды орындау коэффициенттері көрсетілген.

Кестедегі мәліметтер 1-деңгейдегі тест тапсырмаларының 2-деңгейдегі тест тапсырмаларынан, ал 2-деңгейдегі тест тапсырмаларының 3-деңгейдегі тест тапсырмаларынан жеңіл екендігін көрсетеді. Демек, география пәні бойынша тест

тапсырмалары қиындық деңгейлерінің жүйеленген. Сондықтан оларды тест деп өсу ретімен орналасу қағидасына сәйкес атау заңды (1-кесте).

1-кесте – Оқушылардың география пәні бойынша тапсырмаларды орындау коэффициенттері

Қиындық деңгейі	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Мазмұндық аясы			
Дүниежүзінің физикалық географиясы	0,59	0,53	0,40
Қазақстанның географиясы	0,62	0,55	0,31

Қорытынды

Осылайша, бір блоктың тапсырмалары қабылданған таксономияға сәйкес қиындықтың барлық критерийлеріне сәйкес келеді. Яғни ол құрылымның дұрыстығына сәйкес.

ОЖСБ мониторингтік зерттеуге арналған тест тапсырмаларын талдау мәлі-

меттері оның нормативтік талаптарға сай екендігін көрсетеді. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген талдау нәтижесінде, ОЖСБ-ны негізгі мектеп оқушыларының пәндік білім жетістіктерін сапалық және сандық бағалаудың сенімді құралына жатқызуға болады деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аванесов В.С. Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме. – М: МГТА, 1995. – 95 с.
2. Михайлычев Е.А. Дидактическая тестология. – М. 2001 – 432 с.
3. Майоров А. Теория и практика создания тестов для системы образования. М: Интеллект-центр, 2002.
4. Крокер Л. Введение в классическую и современную теорию тестов. –М, Логос, 2010.
5. Анастаси А. «Стандарты учебных и психологических тестов». –7-е изд. СПб: Питер, 2007.
6. Аванесов В.С. Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме. – М: МГТА, 1995. – 95 с.
7. Аванесов В.С. Теория и методика педагогических измерений. – М., Педагогика, 2005
8. Звонников А.И. Контроль качества обучения при аттестации: компетентностный подход: учебное пособие – М, 2012.

REFERENCES

1. Avanesov V.S. Teoreticheskie osnovy razrabotki zadaniy v testovoj forme. – М: MGTA, 1995. – 95 с.
2. Mihajlychev E.A. Didakticheskaja testologija. – М. 2001 – 432 с.
3. Majorov A. Teorija i praktika sozdaniya testov dlja sistemy obrazovanija. М: Intellect-centr, 2002.
4. Kroker L. Vvedenie v klassicheskuj i sovremennuju teoriju testov. –М, Logos, 2010.
5. Anastazi A. «Standarty uchebnyh i psihologicheskikh testov». –7-е изд. Spb: Piter,

2007.

6. Avanesov V.S. Teoreticheskie osnovy razrabotki zadaniy v testovoj forme. – M: MGTA, 1995. – 95 с.

7. Avanesov V.S. Teorija i metodika pedagogicheskikh izmerenij. – M., Pedagogika, 2005

8. Zvonnikov A.I. Kontrol' kachestva obuchenija pri attestacii: kompetentnostnyj podhod: uchebnoe posobie – M, 2012.

ПРИМБЕТОВА Г.С, ИСКАКОВА А.М, СМАГУЛОВ Д.С. ОБ ОЦЕНКЕ КАЧЕСТВА ТЕСТОВ, ИСПОЛЪЗУЕМЫХ В НАЦИОНАЛЬНЫХ МОНИТОРИНГОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Проблема оценки качества образования была актуальна во все времена, и не потеряла свою актуальность в наше время. Система образования нашей страны за годы независимости претерпела много изменений. Эти изменения были внесены по итогам научных исследований, проводимых учеными, по итогам участия наших школьников в международных сравнительных исследованиях в области образования. Модернизации были подвергнуты национальные экзамены и мониторинги. Следовательно, были внесены изменения в содержание измерителей учебных достижений обучающихся. Представленная статья посвящена анализу качества измерителей, используемых в рамках национального мониторингового исследования в среднем образовании, в частности одному из критериев качества тестов, их валидности тестов, В статье авторами раскрыто понятие «валидность», представлена классификация видов валидности, способы их оценки, дано описание методам установления пороговых оценок. На примере тестов ВОУД среднего образования показана практическая реализация теоретических положений, принятых в тестологии.

Ключевые слова: валидность теста, содержательная валидность, критериальная валидность, конструктивная валидность.

PRIMBETOVA G.S, ISKAKOVA A.M, SMAGULOV D.S. ON THE ASSESSMENT OF QUALITY OF TESTS USED IN NATIONAL MONITORING RESEARCH

The issue of assessing the quality of education has been topical at all times and has not lost its topicality even today. The education system of our country has undergone many changes over the years of its independence. These changes were introduced as results of scientific research conducted by scientists as well as the participation of our students in international comparative studies in the field of education. National examinations and monitoring were modernized. Consequently, changes were made to the content of the meters of students' educational achievements. The presented article is devoted to the analysis of the measuring instruments quality used in the framework of the national monitoring research in secondary education, in particular, to one of the criteria for the quality of tests, their validity. In the article, the authors denoted the concept “validity”, presented the classification of types of validity, presented methods of their assessment and described the methods for establishing threshold estimates. The practical implementation of the theoretical provisions adopted in testology is shown on the example of the external evaluation of educational achievements of secondary education.

Keywords: test validity, content validity, criteria validity, constructive validity.